5.4. Мектеп жұмысын жақсартуға бағытталған қызметкерлердің ұсыныстарын уақытында қарастырып, қолдау корсетуге және көтермелеуге.
5.5. Белгіленген мерзімге еңбек ақы беруге, қызметкерлердің еңбек жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге.
5.6. Оқу және еңбек тәртібін қамту бойынша шара қолдану.
5.7. Еңбек туралы заңнаманы сақтауға, оқушылар мен қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, еңбекті қорғау ережелеріне, техникалық қауіпсіздік және санитарлық ережелеріне сәйкес еңбек жағдайын жасауға.
5.8. Жарақаттылықтың, қызметкерлер мен оқушылардың кәсіби және басқа ауруларын алдын алу бойынша қажетті шаралар қолдануға.
5.9. Ағымдағы жылдың 1- маусымына дейін бекітілген кестеге сәйкес барлық қызметкерлерге уақтылы еңбек демалысын беруге, демалыс немесе мейрам күндері жұмыста болған күні үшін, қажетті ұйымдастыру жұмыстары үшін басқа демалыс күнін беруге.
5.10. Педагогтардың және басқа қызметкерледің біліктілін жүйелі арттыруын қамтамасыз етуге.
5.11. Мектеп оқушылары мен қызметкерлеріне ыстық тамақтануды ұйымдастыруға.

VI. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.

6.1. Оқушылар мектепке мектеп формасымен келеді:

Қыздарға:
Қара-көк костюм мен белдемше, шалбар, ақ блузка.
Ұлдарға:
қара, көк түсті костюм (пиджак, шалбар).
көгілдір, ақ, сұртүсті (бір түсті) жейде.
Дене шынықтыру, АӘТД сабақтарын оқушылар арнайы форма, киім мен аяқ киім киіп оқиды.
Тыйым салынады:
Бас киім киіп жүруге (хиджабтар, орамалдар, тақиялар);
Киімге металдан жасалған әшекейлер, бижутериялар тағуға;

6.2. **Оқушылардың мектептегі міндеті:**
Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, басқармашылық органдарының шешімі мен мектеп директорының бұйрығын сақтауға;
басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің намысы мен абыройын, құқықтарын сыйлауға, олардың қызығушылықтарын шектемеуге, кішіге көмек көрсетуге;
тәртіпті болуға, мектепте және мектептен тыс қоғамдық тәртіпті сақтауға;
мектеп формасының талаптарын ұстануға;
оқуға саналы түрде қарауға, сабақтар ме басқа да жұмыстарға уақытында келуге, жұмыс орнында тәртіп сақтауға, сабақты босатқан жағдайда мекемеден ресми құжаттар әкелуге;
мектеп мүлкін сақтауға, басқа адамдардың еңбегінің нәтижесіне, отырғызылған көкке ұқыптылықпен қарауға;
электркөзін, суды, басқа материалдарды үнемділікпен жұмсауға ;
Жарғыға жатқызылатын бөлік бойынша, мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға;